

"Астана қаласының су объектілерінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 205-2263 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 5 мамырдағы № 205-1289 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2025 жылғы 23 мамырда № 1411-01 болып тіркелді
Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Астана қаласының су объектілерінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 205-2263 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1359-01 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыда:

1-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

"

5-1	Нұра-Есіл арнасы (арна учаскесі)	80	35
	51°05'26.3"N 71°27'32.4"E		
	51°05'04.5"N 71°26'57.7"E		
	51°05'25.5"N 71°27'34.4"E		
	51°05'03.3"N 71°26'59.5"E		

".

2. "Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Астана қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Келісілді:

"Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

**"Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі Су ресурстары
комитетінің Су ресурстарын
пайдалануды реттеу және
қорғау жөніндегі Есіл
бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы**

**"Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі Экологиялық
реттеу және бақылау комитетінің
Астана қаласы бойынша
Экология департаменті"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы**

**"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитетінің Астана
каласының Санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
департаменті" республикалық
мемлекеттік мекемесінің
басшысы**